

## Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 18 шілдедегі N 734 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.5.13-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

### **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне жыл сайын жылына екі рет 10 маусымға және 10 желтоқсанға Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайын жылына екі рет 20 маусым мен 20 желтоқсаннан кешіктірмей Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті бақылау және үйлестіру Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 18 шілдедегі

N 734 қаулысымен

бекітілген

# **Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы МАЗМҰНЫ**

1. Бағдарламаның паспорты
2. К і р і с п е
3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау
4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері
5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі
- Параграф 1. Жастардың кешенді әлеуметтік өзін-өзі реттеу тетігінің жұмыс моделін қалыптастыру
- Параграф 2. Жастарды экономикалық дамыту мен еңбек және жұмыспен қамту саласында жағдайлар жасау
- Параграф 3. Жастар ортасында азаматтықты және қазақстандық патриотизмді дамыту
- Параграф 4. Жастар арасында салауатты өмір салтын және олардың денсаулығын нығайту мен сақтаудың тиісті дағдыларын қалыптастыру
- Параграф 5. Жастар саясатын өңірлік деңгейде іске асыруды қамтамасыз ету
- Параграф 6. Халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту
- Параграф 7. Жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету
- Параграф 8. Жас таланттарды дамыту және қолдау
- Параграф 9. Жастар саясатын іске асырған кезде жастардың коммерциялық емес ұйымдарының мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдаудағы азаматтық қатысу үлесін ұлғайту
- Параграф 10. Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру
6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері
7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже
8. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

## **1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ**

Бағдарламаның атауы Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.5.13-тармағы

Негізгі әзірлеуші Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Мақсаты Әлеуметтік бағдарланған жастар саясатын жүргізу, жастардың рухани, мәдени, білімді, кәсіби жағынан

қалыптасуына және дене дамуына, бүкіл қоғам мүддесіне олардың шығармашылық әлеуетін ашуға, жастарды әлеуметтендіруге және республикадағы жастар ұйымдарының жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасауға арналған әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктерді қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды әзірлеу және қабылдау.

Міндеттері

Жастардың кешенді әлеуметтік өзін-өзі реттеу тетігінің жұмыс моделін қалыптастыру;  
жастарды экономикалық дамыту мен еңбек және жұмыспен қамту саласында жағдайлар жасау;  
жастар ортасында азаматтықты және қазақстандық патриотизмді дамыту;  
жастар арасында салауатты өмір салтын және олардың денсаулығын нығайту мен сақтаудың тиісті дағдыларын қалыптастыру;  
өңірлік деңгейде жастар саясатын іске асыруды қамтамасыз ету;  
жастардың халықаралық ынтымақтастығын дамыту;  
жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету;  
жас таланттарды дамыту және қолдау;  
жастар саясатын іске асырған кезде жастардың коммерциялық емес ұйымдарының мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдаудағы азаматтық қатысу үлесін ұлғайту;

нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру.

Іске асыру мерзімдері

2005-2007 жылдар

Қаржыландыру көлемі мен көздері

Жобаны іске асыру республикалық бюджеттен мынадай қаржылық шығындарды көздейді:  
2005 жылы - 147600 мың теңге;  
2006 жылы - 154980 мың теңге;  
2007 жылы - 162419 мың теңге;  
Жалпы сомасы - 464999 мың теңге;  
2006-2007 жылдарға арналған шығыстар тиісті қаржы жылына арналған бюджетті қалыптастырған кезде нақтыланады.

Күтілетін  
нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

1) Қазақстан өңірлерінде 26 әлеуметтік қызмет  
құрылады.

Оның ішінде 2005 жылы - 9, 2006 жылы - 9, 2007 жылы  
- 8 ;

2) елдің 2 миллионнан астам жас азаматтарына  
алдын-алу және консультациялық іс-шаралар түріндегі  
әлеуметтік көмек көрсетіледі;

3) Қоғамдық-саяси процестерге кемінде 45% жастар  
белсенді қатысуға тартылады;

4) Қазақстан Республикасының жыл сайын халықаралық  
Дельфиялық ойындарға қатысуы қамтамасыз етіледі;

5) 2005 жылы жастар мен студенттік еңбек  
жасақтарының 15 облыстық штабы құрылады;

6) 2006 жылы Қазақстан жастарының IV Конгресі  
өткізіледі;

7) 2005 жылы жастардың жалпы республикалық форумы  
туралы ереже әзірленеді және бекітіледі;

8) патриоттық бағыттағы 9, оның ішінде кемінде жыл  
сайын 30 мың жасты қамти отырып, 2005 жылы - 3,  
2006 жылы - 3, 2007 жылы - 3 республикалық

іс-шаралар өткізіледі.

## 2. Кіріспе

Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.5.13-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

Осының алдындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 155 қаулысымен бекітілген Жастар саясатының 2003-2004 жылдарға арналған бағдарламасында жастар саясаты елдің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне жас азаматтарды белсенді тарту үшін қажетті алғы шарттар жасауға бағдарланған болатын. Осы бағдарламаны іске асырудың нақты нәтижелерінің бірі жастардың 26 әлеуметтік қызметін құру болып табылады.

Жастар саясаты жастарды кепілдіктермен қамтамасыз ету тетіктерін

кеңейтуге және қол жеткен нәтижелерді баянды етуге, жастардың белгілі бір мақсаттағы топтары шеңберінде атаулы көмектерді арттыруға, нақты проблемаларды шешуге әлеуметтік тұрғыдан бағдарланған және соған бағытталған. Осы проблеманы шешу жөніндегі неғұрлым тиімді жол жастардың кәсіпкерлігі үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Президенттің Қазақстан халқына "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін" деген 2004 жылғы 19 наурыздағы Жолдауында, онда атап айтқанда: "Әлеуметтік сала мен адам ресурстарын дамыту Қазақстан үшін шешуші ұзақ мерзімді басымдық болып табылады" деп айтылғаны - жастар қоғамды қалыптастырудағы неғұрлым қуатты факторға айналып отыр. Сонымен бірге жастар халықтың ең бір осал топтары болып табылады, ал олардың жағдайы ізгілікті проблема ретінде қаралады.

Экономика дамуының қазіргі заманғы кезеңінде жоғары білімді және шығармашыл, бәсекеге қабілетті жас адамдардың саны барған сайын көбірек болуы қажет. Мемлекеттік органдар мен жастар ұйымдары "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы қабылданғаннан кейін мемлекет пен жастар қатынастарын жетілдіруде жаңа қарқынға ие болды. Жастар саясатын іске асыру жөніндегі уәкілетті органдар жас адамдардың қоғамға, экономикалық өзара қатынастар жүйесіне енуі жағдайларын жақсарту жөнінде тұрақты жұмыстарды жүзеге асырады. Осы процесте экономиканың салаларын инновациялық дамытуға неғұрлым икемділер ретінде нақ жастарға басты рөл беру қажет, бұл осы проблеманы барынша тиімді тәсілдермен шешуді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Нарықтық қатынастар жастар саясаты мәселелерін іс жүзінде шешуде елеулі өзгерістер енгізеді. Бұл мыналарды көздейді:

барлық меншік нысандарындағы кәсіпорындарда жастардың еңбек ету құқықтарын әзірлеу мен жүзеге асыру;

жастарды жұмыссыздықтан қорғау және оларды еңбек рыногының теріс әсерлеріне байланысты табыс табудан айырмау жөнінде және жастардың экономика саласындағы құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі кепілдіктердің тиімді жүйесін құру;

еңбекке жарамсыз, еңбек қабілеті шектеулі адамдарды және жас отбасыларының әлеуметтік-экономикалық қорғалуын қамтамасыз ету;

жастардың психологиялық-педагогтік және заң көмегі жүйелерін құру;

балалар үйлерінің бұрынғы тәрбиеленушілеріне, қамауға алу орындарынан оралған және басқа да қайта әлеуметтендірудің ерекше жағдайларын талап ететін адамдарға кәсіби бағдар беру және оларды еңбекке орналастыру, әлеуметтік-еңбекке бейімдеу жағдайларын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының балалар мен жастар ұйымдары қауымдастығының, жастардың инновациялық әлеуметтік-экономикалық мінез-құлықтарын қалыптастыруға ықпал ететін басқа да қоғамдық ұйымдардың қызметтерін дамыту.

### **3. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау**

Жастар - жасына қарай сипаттамалары жиынтығының, әлеуметтік жағдайлар ерекшеліктерінің негізінде бөлінетін және қоғамдық құрылыспен, мәдениетпен, әлеуметтендіру заңдылықтарымен, осы қоғамды тәрбиелеумен айқындалатын, сол немесе басқа да әлеуметтік-психологиялық қасиеттермен ескерілген әлеуметтік-демографиялық топ; қазіргі заманғы жастардың жасына қарай 14-тен 25 жасқа дейінгілерді қоса алғанда Қазақстанда 14-29 жастағы жастар үлесі 2004 жылғы 1 қаңтарда халықтың құрылымында 29,5% құрады, бұл 4405138 адамды құрайды, оның ішінде экономикалық жағынан белсенді халық 2406775 адам болып табылады.

Республикада жастар өсімінің демографиялық үрдісі сақталуда: халықтың табиғи өсімі - 6,3%. Жастар - бұл қашанда үлкен ерекше жасына қарай кіші топ ретінде білінетін объективтік қоғамдық құбылыс. Жастар - қоғамның бір бөлігі. Бұл ретте, жастар саясаты жас ұрпақты қоғамдық өмірге әлеуметтік ықпалдастырудың бірден-бір мүмкін болатын тетігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында жастар саясатын іске асыру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 ақпандағы N 155 қаулысымен бекітілген 2003-2004 жылдарға арналған жастар саясаты бағдарламасымен айқындалған негізгі бағыттарға сәйкес жүзеге асырылды.

2003-2004 жылдары құрылған жастардың коммерциялық емес ұйымдар базасында жастардың әлеуметтік қызмет желілері жастардың әлеуметтік жағынан өз-өздерін реттеп отыруына жәрдемдесуді өздерінің алдына негізгі міндет етіп қойып отыр. Осы жүйеде қолданылып жүрген "бір-біріне тең санау", "жастардың КЕҰ - жастар" сияқты әр түрлі түзеу технологиялары да осы проблемаларды шешуге жәрдемдесуге тиіс. Осыған байланысты осы Бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі қазіргі бар жобаларды қолдау және пысықталған бағыттар бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар ұсыну практикасын кеңейту ғана емес, әлеуметтік өзін-өзі реттеуді қамтамасыз етуге бағытталған құрылымдарды құрудың жаңа жолдары мен нысандарын іздестіру және жас адамдар санасындағы мінез-құлық, әлеуметтік-саяси және өзге де нормаларды қайта егу болып табылады.

Бұл кезең осы саланың неғұрлым өзекті проблемаларын шешудегі жүйелі көзқарасты қалыптастырумен және жастар саясатының әлеуметтік жағынан



табылады. Пайдалы байланыстар мен тамыр-таныстық өмірде алға басуға ең жақсы түрде жәрдемдеседі - бұл табысқа жету әдістері рейтингіндегі екінші позиция (33,5 %). Табысқа жету үшін үшінші бір басым құрал деп респонденттердің 32,7%-ы ақшаның болуын атайды. 29,0%-ы қажырлы еңбек етуді атап өтеді, 17,0%-ы үшін күшті ерік жігер, 10,5%-ы үшін "жағдайлардың сәтті барысы" негізгі құрал болып табылады. Қазіргі Қазақстан қоғамы құрылымының түрленуіндегі қиыншылықтар қандай да бір дәрежеде республика жастарының 5,1%-ында заң және адамгершілік туралы ұғымдардың өзгеруіне ықпал етіп отыр, олар өмірде табысқа жетудегі міндетті жағдай деп қылмыс әлеміндегі байланыстардың болуын есептейді. Сонымен бірге, жастардың үштен бір бөлігінен астамы жақсы білім мен мамандықтар ала алады, кейбіреулері өздерінің саяси көзқарастары мен талаптарын еркін және жария түрде білдіреді, кейбіреулері білікті медициналық көмектер алады, кейбіреулері өздерінің шығармашылық қабілеттерін іске асыра алады, кейбірі өз қаласы мен кентінің өміріне қатысты шешімдер қабылдауға ықпал ете алады. Жартысынан астамы (61,7%) өз халқының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін еркін сақтай алады.

Жастардың дамуындағы неғұрлым өзекті мәселе жастар арасындағы әлеуметтік-экономикалық шиеленісті көңіл күйді көрсететін жұмыспен қамту мен еңбекке орналастыру проблемасы болып табылады. Ресми статистикалық деректер бойынша республикада 2004 жылғы жағдай бойынша 15-тен 29 жасқа дейінгі жұмыссыздар 300 мыңға жуық, яғни жалпы санның 12,2%-ы.

Еңбек рыногын кеңейтудің, жастарға арналған жаңа және қосымша жұмыс орындарын құрудың нақты жолдарының бірі кәсіпкерлік бастамаларды дамыту болып табылады. Жастар арасында, сауал салынғандардың 50, %-ы жастар кәсіпкерлігін дамытудағы елеулі проблемаларды көрсетеді, 25%-ы проблеманың болу мүмкіндігін ғана атап өтеді.

Көптеген жас адамдар (35%), егер мемлекет тарапынан жастардың кәсіпкерлігі үшін көтермелеу мен ынталандыру енгізілетін жағдайда жеке меншік бизнестерін ұйымдастырғылары келеді. Бұл ретте, барлық сауал салынғандардың ішінен 35,5%-ы қазіргі жағдайларда жеке бизнестерін ұйымдастыруға дайын екендіктерін көрсетті және 9%-ы ғана "жоқ" деп жауап берді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша 2004 жылдың төртінші тоқсанында ғана 63370 жас адамдар жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін өтініш жасады, олардың ішінде тек 37273 адам ғана жұмысқа орналасты. Қазіргі кезде жастардың экономикалық дамуын және оларды еңбекпен қамтуды қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау жөнінде мақсатты жұмыстар жүргізіліп келеді. Тұтастай алғанда осы бағыттағы жұмыс кәсіпкерлік негіздеріне оқыту, еңбекпен



қамтуға жәрдемдесу, жастар ұсынған бизнес-жобаларды сараптау және бағалау жөніндегі кешенді қызмет көрсетулерді қамтамасыз ететін жастардың әлеуметтік қызметтерін ұйымдастыруға шоғырландырылады.

Республикада жер-жерде жұмыспен қамту қызметтерінің жанынан кәсіпорындар мен ұйымдардағы жұмыс орындары туралы деректер базасы үнемі жаңартылып отырады, еңбек рыногында сұранысқа ие болатын мамандықтар мен кәсіптер бойынша жас кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстары жүзеге асырылуда.

Статистикалық деректер бойынша жас азаматтар үшін білімділік пен кәсіптік білім алуға қол жеткізу деңгейі мынадай сандармен сипатталады: 2003-2004 оқу жылының басында негізгі мектепті бітіргендігі туралы куәлік алған, жалпы орта білім беретін мектептерді бітірушілердің саны - 299248 адам, орта білімі туралы аттестатты алғандар саны - 244686 адам; колледжді бітірушілердің саны - 60406 адам, жоғары оқу орындарын бітірушілердің саны - 102681 адам болды. Тұтастай алғанда, "Инноченти"/ЮНИСЕФ әлеуметтік мониторингі деректері бойынша Қазақстан Республикасында жалпы орта біліммен қамту коэффициенті 31,2%-ға жетеді; кәсіптік-техникалық (орта арнаулы) біліммен қамту - 15-18 жастағы халықтың 23,3%-ы; жоғары біліммен қамту - 19-24 жастағы халықтың 33,4%-ы.

Әлеуметтік сауалнама деректері бойынша, кәсіптік білім алуға қол жеткізе алмаудың негізгі себебі 26,4% болған жағдайда таңдап алынған мамандық бойынша ақылы білім алу үшін қаражаттың жоқтығы болып табылады. Бұдан басқа, жастардың 11,0%-ы үшін кәсіптік білім алуға қол жеткізе алмаудың себебі жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған конкурстың жоғары болуы.

Жастар өз кәсіптерін таңдаған кезде ең алдымен оның болжамдалатын перспективасын басшылыққа алады. Қол жеткізу себептерінің ішіндегі негізгі өлшемі жақсы табыс табу - 41,0%, одан іс жүзінде екі есе азы сүйікті ісімен айналысу - 26,1%, тыныш және қамтамасыз етілген өмір сүру - 26,0%, өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыру мүмкіндігі - 18,0%, өз еңбегінің нәтижесін көру - 17,3 %, қоғамда жоғары орынға қол жеткізу - 17,1%, адамдарға пайда келтіру - 16,3% және 15,9%-ы ғана қызметте өсу мүмкіндігін атайды.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

Бағдарламаның мақсаты әлеуметтік бағдарланған жастар саясатын жүргізу, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайларын және жастардың рухани, мәдени білімі, кәсіби қалыптасуы мен дене дамуы үшін кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді шараларды әзірлеу және қабылдау, бүкіл қоғам мүддесіне оның шығармашылық әлеуетін ашу, жастарды әлеуметтендіру мен республиканың жастар ұйымдарының жұмыс істеуі үшін

қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Жастарды әлеуметтендірудің өзекті проблемалары тұрғысында қойылған мақсаттардың орындалуы жас адамның жеке басының қалыптасуы үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, рухани-мәдени алғы шарттар, жағдайлар мен кепілдіктер жасауды, жас ұрпақты қоғамдық қатынастар жүйесіне кеңінен қамтуды, олардың шығармашылық әлеуетін жеке басының және тұтас алғанда қоғам дамуының мүддесіне, өз Отаны - Қазақстан Республикасының гүлденуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жақсаруы үшін іске асыруды көздейді.

Қойылған мақсатқа сәйкес мынадай міндеттерді шешу:

жастардың өзін-өзі кешенді әлеуметтік реттеу тетігінің жұмыс моделін қалыптастыру;

жастарды экономикалық дамыту мен еңбек ету және жұмыспен қамту саласында жағдайлар жасау;

жастар арасында азаматтықты және қазақстандық патриотизмді дамыту;

жастар арасында салауатты өмір салтын және олардың денсаулығын нығайту мен сақтаудың тиісті дағдыларын қалыптастыру;

жастар саясатын өңірлік деңгейде іске асыруды қамтамасыз ету;

халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту;

жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету;

жас таланттарды дамыту мен қолдау;

жастар саясатын іске асыру кезінде мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдауда жастардың коммерциялық емес ұйымдарының азаматтық қатысуына үлесін ұлғайту;

нормативтік құқықтық базаны жетілдіру көзделеді.

Сонымен бірге, жастардың қазіргі заманғы дамуы, сондай-ақ жастар саясатын іске асыру осы проблемаларды шешуде жастардың бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін күшейту және жандандыру арқылы ақпараттық қамтамасыз етудің сандық және сапалық көрсеткіштерін ұлғайтуды талап етеді.

## **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетіктері**

Осы бағдарлама Қазақстан Республикасы жас азаматтарының мемлекеттің қоғамдық-саяси, әлеуметтік және экономикалық өміріне белсене қатысуға ұмтылыстарын әзірлеу және ынталандыру, қазіргі заман жағдайларына оларды табысты әлеуметтендіруге және еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін өзін-өзі іске асыру мен өзін-өзі дамыту үшін тиісті жағдайлар жасау арқылы жастар саясатын іске асыруға бағытталған.

Мемлекеттің жүргізіп отырған саясатына сәйкес, әлеуметтік-экономикалық

саладағы жастар саясаты жас адамдардың жеке басын дамыту (мен кіммін?), өзін-өзі анықтау (кім болу керек?) және өзін-өзі орнықтыруы (қандай болу керек?) үшін, олардың экономикалық дербестікке қол жеткізуі үшін, денсаулығын сақтауы мен нығайтуы үшін, бос уақыттарын ұтымды пайдалануы үшін жағдайлар жасауға бағытталуы тиіс.

### **Параграф 1. Жастардың кешенді әлеуметтік өзін-өзі реттеу тетігінің жұмыс моделін қалыптастыру**

Қазіргі заман жағдайларында мемлекет пен қоғамның негізгі мақсаты, негізгі функциялары жеке адам әлеуметтік тәжірибе алатын, әлеуметтік өзін-өзі сәйкестендіруде және өзін-өзі іске асыруда көмек алатын әр түрлі әлеуметтік мәдени орта құру болып табылатын әлеуметтік бағдарланған ізгілікті тәрбиеге шоғырлануға тиіс. Бұл жағдайда тәрбие әлеуметтік орта факторының үнемі ықпал ету жағдайында шығармашылықпен айналысатын жеке адам ретінде субъектінің өзін-өзі дамыту және өзін-өзі реттеу идеясына негізделеді.

Алайда, осы қасиеттер өмірлік және қарапайым экономикалық және құқықтық жағдаяттар қысымымен жиі-жиі бәсеңдеп отырады. Мұнда "өтпелі" деп аталатын нәрсені атап өту қажет: бөтен ортаға бейімделу қиындығы (мысалы ауылдан қалаға немесе керісінше көшкен жағдайда); өмір салтының дағдарысты ауысуы (оқу бітіргеннен кейін дербес өмірге көшу, отбасын құру және/немесе балалы болу қажетті). Нәтижесінде, жас адамға тән жас ерекшеліктері (максимализм, конформизмге ұмтылу және қарапайым толысып жетілмеу) түрлі мінез-құлық ауытқулары үшін қолайлы орта туғызуға ықпал етеді.

Мынадай: әлеуметтік педагогтармен, психологтармен, заңгерлермен және т.б. кадрлармен қамтамасыз етілген әлеуметтік шағын ортадағы медициналық-консультативтік-әлеуметтік қызметін ұйымдастыруға ерекше назар аударған жөн. Оған сүйене отырып, жастардың шынайы сұратуларына жақын басқарушылық "сатыны" әзірлеуге мүмкіндік болады, оның бағыты, іс-қимылы макроәлеуметтік (этномәдени, экономикалық-аумақтық және т.б.) жағдайлардың ерекшеліктерімен, анықталған проблемалардың сипатымен және халықтың нақты микроорта қажеттіліктерінен айқындалады.

Жастармен "желілік қағидат" бойынша жалғыз-жарымдап та, әлгіндей іргетассыз да әлеуметтік жұмыс жүргізудің тиімділігі аз және үнемсіз болатынын практика көрсетіп отыр. Жүйе құраушы буынның болуы кәсіби қамтамасыз етілген, белгілі бір ортада мақсатты жұмыс істейтін және емдеуден бұрын әрқашан алдын алу оңайға түсетін "әлеуметтік ауруларды", проблемаларды неғұрлым ерте анықтау мүмкіндіктеріне негізделген әлеуметтік қызмет жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік жұмыстың кешенді ведомствоаралық жүйесінің барлық құрылымдық элементтері адам проблемаларының (психологиялық, медициналық, құқықтық, экономикалық, экологиялық және т.б.) өзара байланысы сияқты органикалық өзара байланыста болуы қажет. Әрбір қызмет, олардың кадрлары (әлеуметтік педагогтар және түрлі мамандықтардың әлеуметтік қызметкерлері) балалармен және жастармен, отбасымен және отбасылық-көршілік ортамен (қауыммен) жұмыс істеуге бағдарлануы тиіс.

Өз дамуының қазіргі кезеңінде жастар саясаты оны іске асырудың барлық тетіктерін ғылыми негіздеуді қажет етеді. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың ерекше әлеуметтік топ ретінде жастармен тығыз байланысы болуы қажет. Осындай байланысты қамтамасыз ету жолдарының бірі жастар саясаты саласында зерттеулерді жүйелі түрде жүргізіп отыру болып табылады.

Әлеуметтік-маңызы бар жастар бастамалары мен жобаларына мемлекеттен органдардың қолдау көрсетуінің жасалып отырған схемасы жоғарыда айтылғандармен тығыз байланысады. Бұл схема өткізіліп жүрген шаралар мен жобалардың арнайылығы мен нақтылығы есебінен жинақталған әлеуметтік шиеленістерді жоятын тиімді және қарапайым тетік ретінде өзін танытып отыр. Осыған сәйкес, бұған бағытталған қаржыландырудың сандық факторын тиісінше ұлғайта отырып, аталған жұмыстың проблемалық-атаулы өрісін кеңейту қажет.

Жоғарыда айтылған проблемаларды шешумен айналысып отырса да, мемлекеттік органдардың жастар проблемасын шешуде айқын және ғылыми негізделген өзара іс-қимыл жүйесі жоқ. Осыған байланысты әр түрлі ведомстволар өкілдері үшін ғылыми-практикалық семинарлар мен конференцияларды, практикалық және теориялық сабақтарды жастар саясатын іске асыру мәселелері бойынша әдістемелік ұсыныстар мен құралдарды кейіннен жарыққа шығара отырып өткізу қажет.

Тағы бір маңызды мәселе - жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын мазмұнды өткізуін қамтамасыз ету, осы проблемаға жастардың бос уақытын өткізу құралына айналатын жастар ұйымдарын тарту.

## **Параграф 2. Жастарды экономикалық дамыту мен еңбек және жұмыспен қамту саласында жағдайлар жасау**

Мемлекеттің жастар саясатындағы басым бағыты әлеуметтенудің және жеке адам дамуының ерте кезеңдерінде жастарға біліктіліктер мен еңбек ету дағдыларын егу үшін жағдайлар жасау болуға тиіс (нақты өндірістік еңбекке қосылу, кез келген әлеуметтік қажетті қызметтегі кәсіби еңбекке даярлау). Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу негізінде қоғамға пайда келтіру сияқты абстрактілік үндеу ғана емес, өзі туралы, өзінің жақындары туралы қамқорлық та алынуға

т и і с .

Экономикалық проблемаларды шешудегі басқа бір басымдық жастар кәсіпкерлігін дамыту болып табылады. Аталған мәселені шешуге күш-жігер жұмсау ауыл жастарының проблемаларын шешуге мүмкіндік береді, жастар өз проблемаларын ішінара шешу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, жастар кәсіпкерлігін дамыту жазғы уақытта еңбекпен қамту мәселесін шешуге және жас мамандарды студенттік құрылыс және еңбек жасақтары қызметіне тарту арқылы оларды іс жүзінде даярлауға мүмкіндік туғызады.

Жастар ұйымдарының негізінде жастар арасынан шыққан кәсіпкерлерге консультациялық қызмет көрсету жөніндегі қызмет құру, сондай-ақ ауылда еңбекпен қамтуды дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру. Бұл жастар арасында компьютерлік сауаттылықты қамтамасыз етуге жанама ықпал етеді.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңына және кәсіпкерлік қызметті айқындайтын басқа да заңнамаға сәйкес жастар ұйымдарының экономикалық саладағы қызметін әлеуметтік маңызы бар жобаларға конкурстар арқылы дамыту .

Жастардың құрылыс жасақтарының жұмыс істейтін штабтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Сондай-ақ еңбек ету мен жұмыспен қамту саласындағы заңнамалық актілердің толық баламалы орындалуын қамтамасыз ету, мысалы жас қызметкерлерді әлеуметтік қорғау саласында реттеп отыратын кепілдіктерді іске асыру қажет .

Жас мамандарға тек құрал ретінде қарау олардың әлеуметтік міндеттерінің іс жүзінде тарылуына әкеліп соқтырады, оларды қазіргі қоғамның әлеуметтік дамуының аса маңызды резерві - жастардың осы бөлігінің қоғамдық-саяси, басқарушылық және әлеуметтік-мәдени белсенділігін арттыруға бағдарламайды.

Осы Бағдарлама әлеуметтік микроортаны (өндірістік және өндірістен тыс) оңтайландыруға бағытталған әлеуметтік-ақпараттық белсенділік нысанындағы жас мамандардың әлеуметтік міндеттерін қарастырады.

Жастарды экономикалық әлеуметтендіру мен еңбек және жұмыспен қамту саласында жағдайлар жасау процесінде жас мамандарға кешенді көзқараспен қарауды негізге алу қажет, олардың алдында бір жағынан, арнаулы өндірістік білімдер мен дағдыларды игеру, қазіргі кезде кездесетін техникалық және ұйымдастырушылық құрылымдарға үйрену міндеті, екінші жағынан - карама-қарсы міндет - осы құрылымдарды жаңғырту, қазіргі ғылыми-техникалық процестердің ең бір перспективалы үрдістеріне кереғар келетін, олардың ескіргендерін теріске шығару міндеті тұр.

### **Параграф 3. Жастар ортасында азаматтықты және қазақстандық патриотизмді дамыту**

Қазіргі заман қоғам құрылымының күрделенуіне байланысты жастардың әлеуметтік рөлдерді, ең алдымен осыдан туындайтын барлық құқықтарымен және міндеттерімен бірге азаматтың әлеуметтік рөлін неғұрлым белсенді игеру қажеттілігі туады. Сондықтан қазіргі қоғам әрбір жастың осы рөлді игеруіне уақыт бөліп қана қоймай, оны игеруі үшін қажетті деңгейде жағдайлар жасап, уақыттың белгілі бір кезеңін бөлуге міндетті.

Жас адамның жеке басының қалыптасуы оның азаматтық өзін-өзі сәйкестендіруінсіз мүмкін емес. Патриотизмді, азаматтық сана-сезімді дамыту - үнемі жіті назар аударуды қажет ететін елеулі тәрбиелік фактор. Жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру жүйесі арқылы мақсатты, жүйелі насихат және ағарту жұмысын жүргізу қажет. Осындай тәрбиені жеке адамның қалыптасуы оның азаматтық сапалары мен құқықтық мәдениетінің қалыптасуы өтіп жататын барлық әлеуметтік институттары мен әлеуметтендіру агенттері жүргізуі тиіс.

Өз еліне, өз мемлекетіне сүйіспеншілік кіші Отаны - туып-өскен жеріне деген сүйіспеншіліктен туады. Осыған байланысты жастардың өмір сүріп жатқан жеріне деген "шаруақор" көзқарасын дамыту - оларды аумақтарды тазарту және көркейту іс-шараларына тұрақты тарту, жастар ұйымдары мен бастамашыл жастар топтарының инфрақұрылымды дамыту және өмір сүріп жатқан жерлерін, елді мекендерін көркейту мәселелері бойынша шешімдер қабылдануына ықпал ету жүйесі мен нысандарын дамыту қажет.

Патриоттық тәрбиенің екінші бір маңызды қыры - әскери-патриоттық тәрбие. Бұл бағытта әскери-патриоттық тәрбие бойынша қызметті кеңейту жөнінде ж ұ м ы с жү р г і з у қ а ж е т .

Жас адамның бойында оқу барысында алған айрықша дағдыларды бекітуге және спорттың осы түрлерін насихаттауға бағытталған әскери-спорттық ойындарды, жаттығуларды жүргізу практикасын жаңарту қажет.

Жас ұрпақ үшін мемлекеттік тілді, ұлттық мәдени мұраны, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, оның тарихын зерделеу үшін барлық қажетті жағдайларды жасау қажет.

Нашақорлықтың, маскүнемдік пен шылым шегудің алдын-алу жөніндегі мүдделі мемлекеттік органдар мен коммерциялық емес жастар ұйымдарының осы жұмысқа жүйелі көзқарасын және барынша жәрдемдесетін кешенді қатысуын зерделеу және қамтамасыз ету қажет.

#### **Параграф 4. Жастар арасында салауатты өмір салтын және денсаулықты нығайту мен сақтаудың тиісті дағдыларын қалыптастыру**

Салауатты өмір салтын қалыптастыру (бұдан әрі - СӨС) - жастар саясатының стратегиялық бағыты, елдің ұлттық қауіпсіздігінің, оның болашағының факторы. Осыған байланысты мынадай бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу алда тұр:

СӨС-ті қалыптастыру үшін насихаттау және жағдайлар жасау саласында орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ жергілікті билік органдарының қызметін үйлестіру;

жастар спорты және сауықтыру демалыстарын дамытуда жүйелілік пен кешенділікті қамтамасыз ету;

жастар арасында конференциялар мен семинарлар өткізу арқылы өңірлік деңгейде сауықтыру және алдын-алу шараларын көрсету, әлеуметтік роликтер шығару және т.б.

#### **Параграф 5. Жастар саясатын өңірлік деңгейде іске асыруды қамтамасыз ету**

Жастар саясатын өңірлендірудің мәні өзіне тән жергілікті және өңірлік мүдделер әртүрлі және өзара іс-қимылда болатын азаматтық демократиялық қоғам жағдайларында республикалық органдардың жаппай әкімшілік бақылауынан жастар бастамашылдығын дамытуға өту болып табылады. Осыдан барып, жастардың қажеттіліктерін, жастардың мақсаттары мен құндылықтарын нақты және шынайы жеткізушіге бұру өңірлік жастар саясатының мақсаты болады.

Осыған байланысты жастар саясатының тиімділігін ұлғайту мақсатында өңірлік жастар бағдарламаларын "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдеде қабылданған Заңына сәйкес түзеткен жөн. Бюджеттік қаражаттарды тиімді жұмсау мақсатында уәкілетті органға бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен бірлесе отырып, тұрақты тәжірибе алмасуды ұйымдастыру тұрақты мониторингін жүргізіп отыру және оны бюджет қаржыларын игеру мақсатында облыстар арасына беру қажет. Аталған жұмысты үйлестіру үшін инновациялық әдістемелерді тарату және жастар саясаты саласында жұмыс істейтін атқарушы орган қызметкерлерінің біліктілігін арттыру қажет. Республикалық және өңірлік деңгейлерде жастар жағдайының толыққанды талдауын қамтамасыз ету үшін уәкілетті органдар үкіметтік емес сектормен -

жастардың коммерциялық емес ұйымдарымен өзара тығыз іс-қимыл жүргізеді. Осыған байланысты Қазақстан жастары конгресінің құрамына кіретін де, оның құрамына кірмейтін де жастар ұйымдарының қызметін үйлестіру жүргізілуде.

## **Параграф 6. Халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту**

Халықаралық тәжірибе жастар ынтымақтастығы жастарды басқа мәдениеттерге төзушілік пен қызығушылық рухында тәрбиелеп, олардың патриоттық санасын және өз Отанына деген адалдықтың асқақ сезімін дамыта отырып, халықтар арасындағы өзара түсіністікке және бейбіт сұхбаттасуға өз үлесін қосатынын, жастар ынтымақтастығына қатысушы мемлекеттердің оң беделін қалыптастыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Сондықтан жастар саясатының басым бағыттарының бірі қазақстандық жастарды халықаралық жастар ынтымақтастығының бағдарламаларын одан әрі дамыту, жастармен жұмыс істеу саласындағы алмасулар арқылы халықаралық мәдени, экономикалық, ғылыми және білім беру процестеріне тарту болып т а б ы л а д ы .

Осы мәселелердің барлығы қазіргі уақытта Қазақстан үшін өзекті.

Көптеген мемлекеттер Орталық Азиядағы ең тұрақты мемлекет ретінде Қазақстанмен ынтымақтастықты дамытуға мүдделі.

Жастар саясаты саласында ГФР-мен, соның ішінде этникалық немістердің қатысуымен әріптестік қатынастарды жалғастыру қажет. Жастармен жұмыс саласында ГФР-мен ынтымақтастықтың 2005 жылғы басым бағыттары мынадай б о л ы п а й қ ы н д а л д ы :

жастарға арналған әлеуметтік қызметтер мамандары арасында жұмыс т ә ж і р и б е с і м е н а л м а с у ;

Қазақстан Республикасындағы неміс диаспорасының жастар бірлестіктерімен б а ғ д а р л а м а ;

жастар арасында кіріптарлық пен қылмыстың әртүрлі нысандарының алдын алу с а л а с ы н д а т ә ж і р и б е а л м а с у ;

жастарды әлеуметтендіру мен дамыту саласында тәжірибе алмасу;  
жас журналистер мен саясаттанушылардың жұмыс тәжірибесімен алмасу;  
шығармашыл жастармен, шығармашылық ұжымдармен танысу;  
стритвокерлер жұмысының тәжірибесі (әлеуметтік педагогика, әлеуметтік ж ұ м ы с ) ;

өңірлік деңгейдегі ынтымақтастық.

Жастар саясаты саласында әріптестік қатынастарды дамытуға Италия, Түркия , Египет, Польша, Қытай белгілі бір қызығушылық танытып отыр. Сауд Арабиясы Корольдігі, Катар Мемлекеті мемлекеттерімен жастар саясаты



саласында үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Жастармен жұмыс саласында қазақстандық мамандар Жапониядағы жастарды шақыру бағдарламасына (ЛСА) қатысты.

Өз қызметінің түрі бойынша оның ішінде жастар проблемаларымен айналысатын БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерімен - ЮНЕСКО-мен, ЮНИСЕФ-пен және еуропалық, азиялық, тынық мұхиттық өңірлердің басқа да халықаралық жастар бірлестіктерімен өзара іс-қимыл жасау бағытында жастар байланыстарын жалғастыру көзделуде.

Қазақстан-Германия ынтымақтастығы бағдарламалары шеңберінде Қазақстанда 3 семинарлық бағдарлама жоспарланған. Іс-шараларды өткізу орындарындағы іс-шаралар: екі елдің мамандарын, мемлекеттік құрылымдарды, жастарға арналған әлеуметтік қызметтерді, жастар ұйымдарын, студенттер аудиториясын, жұмысшы жастар мен ауылдық жерлердің жас өкілдерін кеңінен қамтуды көздейді.

ТМД елдерімен жастар ынтымақтастығын орнату және одан әрі дамыту үлкен мүмкіндіктерді көздейді. Достастық шеңберінде өз отырыстарында жастар саясаты саласында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың перспективалық бағыттарын талқылайтын Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік органдар басшыларының кеңесі құрылды.

Қазіргі уақытта, жастармен жұмыс саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Жастар ісі жөніндегі кеңесі туралы ереженің жобалары талқылану процесінде жатыр. 2007 жылы аталған кеңес отырысын Қазақстанда өткізу жоспарланған.

Қазақстан мен Грузия Үкіметтері, Украина Министрлер Кабинеті арасындағы жастар саясаты саласындағы келісімге қол қойылды, Ресей Федерациясымен, Қырғыз Республикасымен және Тәжікстанмен осындай келісімдер қол қоюға әзірленуде.

Тұтастай алғанда, халықаралық жастар ынтымақтастығын нығайту және дамыту халықтардың мәдени мұраларының сақталуы мен еселеніп ұлғаюына, берік мәдениет аралық байланыстар орнатуға және Қазақстан жастарының және әлем қауымдастығының басқа да мемлекеттерімен достық қатынастарын дамытуға ықпал ететін болады.

## **Параграф 7. Жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету**

Жастар саясатын барынша тиімділікпен іске асыру жыныстық, жастық, білімдік, әлеуметтік-кәсіби белгілерімен, материалдық қамтамасыз ету, өмірлік құндылықтар және рухани қажеттіліктер деңгейімен ерекшеленетін жастар топтарының мүдделері туралы анық ақпараттардың болуын көздейді.

Жастарды ақпараттық қамтамасыз ету және жүргізіліп отырған жастар саясаты бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік тапсырыс беру арқылы, сондай-ақ талдау және әдістемелік материалдарды әзірлеу негізінде қамтамасыз етіледі.

## **Параграф 8. Жас таланттарды дамыту және қолдау**

Әрбір жас қазақстандықтың жеке басының ерекшеліктерін айқындау мен дамыту, шығармашылық белсенділігін және ғылымның, техника мен өнердің әртүрлі салаларында өзін-өзі іске асыруға қабілетін арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Жастардың зияткерлік және дене дамуы шеңберінде талантты жастарды қолдау қажет. Бәсекеге қабілетті ұлтты қамтамасыз етуде талантты жастардың маңызы шүбәсіз. Демек, әлеуметтік маңызды жобалар конкурсын өткізу шеңберінде жас таланттарды ұйымдасқан түрде қолдау, жастардың мәдени тәрбиесі жөніндегі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын алуға кандидаттарды анықтау жөніндегі жұмысты күшейту қажет.

Өнердің, халықтардың мәдени мұрасын сақтау мен еселеп ұлғайтудың, берік мәдениетаралық байланыстарды жасаудың және ТМД мемлекеттері жастары достығын дамытудың жоғары форумы ретінде Дельфиялық ойындар идеясын практикалық дамыту мақсатында өткізілетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер жастарының Дельфиялық ойындарына республикамыздың қатысуы жас таланттарды қолдауға мүлдем жаңа сипат береді.

Осыған байланысты Дельфиялық идеяны Қазақстанда дамыту және енгізу ұйымдастырушылық және қаржылық қолдауға ие болып отыр, атап айтқанда: 2005 жылы - Ұлттық Дельфиялық Комитетті құру, Қазақстан жастарының Тұңғыш Дельфиялық ойындарын өткізу, қазақстандық делегацияның Киев қаласына Үшінші Дельфиялық Ойындарға баруы, 2006 жылы Қазақстан Республикасында ТМД-ға қатысушы мемлекеттер жастарының Төртінші Дельфиялық Ойындарын өткізу жоспарланып отыр.

Бұдан басқа жастар ұйымдарына бағдар жасау және жас таланттарды қолдау саласына оларды тарту ерекше назар аударуды талап етеді. Негізгі мақсаты жас таланттарды анықтау және қолдау болып табылатын үкіметтік емес ұйымдардың институционалдық қалыптасуына мүдделі мемлекеттік органдардың назарын аударғаны жөн. Осыған байланысты әлеуметтік маңызды жобалар конкурсының шеңберінде талантты жастарды көтеруге бағытталған жастар ұйымдарының қызметін дамыту, жастардың ғылыми-зерттеу конкурстарына, қазақстандық та,

сондай-ақ, халықаралық деңгейде де әр түрлі білім жобаларына қатысуын қамтамасыз ету ұсынылады.

### **Параграф 9. Жастар саясатын іске асырған кезде жастардың коммерциялық емес ұйымдарының мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдаудағы азаматтық қатысу үлесін ұлғайту**

Өздерінің қызметіне қатысты шешімдер қабылдауға жастардың коммерциялық емес ұйымдарының қатысу үлесін ұлғайту қажет.

Мемлекеттік деңгейде шешім қабылдауға қатысуға бағытталған жастар бастамаларын жан-жақты көтермелеу - қоғамдық тыңдаулар конкурстарын, оларды талқылау жөніндегі пікірталастар өткізу қажет.

Азаматтық қатысу үлесін ұлғайту, институционалдық қалыптасу және жастар ұйымдарын дамытуды үйлестіру үшін уәкілетті орган Қазақстан жастарының IV Конгресі мен аулалық клубтар слетін өткізуді жоспарлап отыр.

### **Параграф 10. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру**

Жастар саясатын іске асырған кезде барабар нормативтік құқықтық қамтамасыз етудің болуы маңызды фактор болып табылады.

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының қабылдануына байланысты қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдердің жастар саясатын іске асыруға қатысты бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Атап айтқанда, Бағдарлама шеңберінде жастар саясатын іске асырудың әлеуметтік-қорғану тетіктерін күшейту, білім, мәдениет және өнер құралдарымен жастардың өмірін, дене, ақыл-ой және психикалық денсаулығын қорғау жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру қажет етіледі.

Осыған байланысты, заңнамалық нормативтік базаны қалыптастыру көзделеді. Кәсіптік орта және жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім тапсырысы негізінде оқитындар үшін қысқы және жазғы каникул кезеңінде қалааралық теміржол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруге арналған ереже әзірлеу.

## **6. Қажетті ресурстар және оларды қаржыландыру көздері**

Бағдарламаны қаржыландырудың негізгі көздерін бағдарламаның тиісті әкімшісі көздеген және өзге де заңнамамен тыйым салынбаған көздер қаражаты шегінде республикалық бюджет айқындаған.

Тұтастай алғанда, Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджет қаражатынан 464 999 мың теңге сомасында, оның ішінде 2005 жылы - 147600 мың теңге, 2006 жылы - 154980 мың теңге, 2007 жылы - 162419 мың теңге қаржылық шығындар көзделеді.

Сонымен бірге, Бағдарламаны іске асыру шамасына қарай шығыстар келесі қаржы жылына арналған бюджетті қалыптастырған кезде нақтылануы мүмкін.

## 7. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтиже

Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде:

1) Қазақстан өңірлерінде 26 әлеуметтік қызмет құрылады. Оның ішінде 2005 жылы - 9, 2006 жылы - 9, 2007 жылы - 8;

2) елдің 2 миллионнан астам жас азаматтарына алдын-алу және консультациялық іс-шаралар түрінде әлеуметтік көмек көрсетіледі;

3) қоғамдық саяси процестерге белсенді қатысуға кемінде жастардың 45%-ы тартылады;

4) халықаралық Дельфиялық ойындарға Қазақстан Республикасының жыл сайын қатысуы қамтамасыз етіледі;

5) 2005 жылы жастардың және студенттік еңбек жасақтарының 15 облыстық штабы құрылады;

6) 2006 жылы Қазақстан жастарының ІҮ Конгресі өткізіледі;

7) 2005 жылы жастардың жалпы республикалық форумы туралы ереже әзірленеді және бекітіледі;

8) жыл сайын кемінде 30 мың жас адамды қамти отырып, патриоттық бағыттағы 9, соның ішінде 2005 жылы - 3, 2006 жылы - 3, 2007 жылы - 3 республикалық шаралар өткізіледі.

## 8. Жастар саясатының 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с N	Іс-шара	Аяқталу нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындалу мерзімі	Болжанған шығындар, мың теңге	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
	<b>1. Жастардың өзін-өзі кешенді реттеу тетігінің жұмыс моделін қалыптастыру</b>					
	Мінез-құлқы өзгермелі жастарға арналған	Қазақстан Республикасы	Қазақстан Республикасы	20 маусым, 20 желтоқсан	18000 2005 ж. - 6000	

1	әлеуметтік қызмет - қайта бейімделу орталығын құру	ликасының Үкіметіне есеп	Білім және ғылым министрлігі	жарты жылдық қорытындылары бойынша	2006 ж. - 6000 2007 ж. - 6000	Республикалық бюджет
2	МЕҰ-ның және мемлекеттік құрылымдардың қатысумен жастар арасында девиация проблемаларына арналған семинарлар, конференциялар мен дөңгелек үстелдер өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>2230</b> 2005 ж. - 731 2006 ж. - 731 2007 ж. - 768	Республикалық бюджет
3	Мінез-құлқы өзгермелі кәмелетке толмағандар мен жастар арасында есірткі таралуының алдын-алу жөніндегі әлеуметтік қызмет - орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>9600</b> 2005 ж. - 3000 2006 ж. - 3100 2007 ж. - 3500	Республикалық бюджет
4	Жасөспірім мен жастардың бос уақытын мәнді өткізуін ұйымдастыру жөніндегі әлеуметтік қызмет - орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>21350</b> 2005 ж. - 7000 2006 ж. - 7100 2007 ж. - 7250	Республикалық бюджет
5	Жасөспірімдер үшін әлеуметтік консультациялық қызметін құру	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>8000</b> 2005 ж. - 2500 2006 ж. - 2500 2007 ж. - 3000	Республикалық бюджет
6	Өткізілген іс-шаралардың әлеуметтік тиімділігін анықтай отырып әлеуметтік қызметтер-	Қазақстан Республикасының	Қазақстан Республикасы Білім	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық	Қаржыланды-	

	дің іс-әрекеті-не мониторинг жүргізу	Үкіметіне есеп	және ғылым министрлігі	қорытындылары бойынша	руды қажет етпейді	
7	Әлеуметтік маңызды жобалардың шеңберінде жастарды әлеуметтендіру жөніндегі қызмет көрсетуге бағытталған жастар ұйымдарының қызметтерін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>29900</b> 2005 ж. - 9900 2006 ж. - 10000 2007 ж. - 10000	Респуб-ликалық бюджет
<b>2. Жастарды экономикалық дамыту еңбек және жұмыспен қамту саласында жағдайлар жасау</b>						
1	Жастарға арналған технологиялық бизнес-инкубатор - әлеуметтік консалтингтік қызметін құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>21200</b> 2005 ж. - 7000 2006 ж. - 7100 2007 ж. - 7100	Респуб-ликалық бюджет
2	Әлеуметтік маңызды жобалардың конкурсы негізінде экономика саласында жастарға қолдау көрсетуге бағытталған жастар ұйымдарының қызметін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>17700</b> 2005 ж. - 5700 2006 ж. - 6000 2007 ж. - 6000	Респуб-ликалық бюджет
3	Қазақстан Республикасының өңірлерінде студенттердің құрылыс жасақтарының қызметін ұйымдастыру проблемалары жөнінде республикалық дөңгелек үстелдер, форумдар, семинарлар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>4105</b> 2005 ж. - 1346 2006 ж. - 1346 2007 ж. - 1413	Респуб-ликалық бюджет
	Облыстық студенттер мен жастардың құрылыс жасақтары штабтарының жұмысын реттейтін нормативтік құқықтық	Қазақстан Республикасы Білім	Облыстардың, Астана және Алматы	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық	Қаржыланды-	

4	кесімдер жергілікті атқарушы және өкілетті мемлекеттік органдардың қабылдауын қамтамасыз ету	және ғылым министрлігіне ақпарат	қалаларының әкімдері	қорытындылары бойынша	руды қажет етпейді	
5	Жергілікті атқарушы органдар құрылыс жұмыстары мен тұрғын-үй құрылыстарын жүргізуге арналған тендерлер өткізу кезінде студенттер мен жастардың құрылыс жасақтарының оларға қатысуын қарау	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат, әкімдердің шешімі	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	Қаржыландыруды қажет етпейді	
6	Жастарды еңбекпен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі әлеуметтік қызмет құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>7800</b> 2005 ж. - 2500 2006 ж. - 2600 2007 ж. - 2700	Республикалық бюджет
<b>3. Жастар ортасында азаматтықты және қазақстандық патриотизмді дамыту</b>						
1	Жастардың патриоттық тәрбиесі пробемаларын зерттеу және жастар саясатын іске асыру жөніндегі әлеуметтік зерттеу қызметін құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>24000</b> 2005 ж. - 8000 2006 ж. - 8000 2007 ж. - 8000	Республикалық бюджет
2	"Қазақстан жастары - 2006: жағдайы, үрдістері, перспективасы" деген баяндаманы дайындау	Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндама	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>1000</b> 2006 ж. - 1000	Республикалық бюджет

3	Жастар азаматтығын дамыту проблемалары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарлар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>3428</b> 2005 ж. - 1124 2006 ж. - 1124 2007 ж. - 1180	Республикалық бюджет
4	Әлеуметтік маңызы бар жобалардың конкурсы негізінде жастардың азаматтық ұстанымдарының белсенділігін дамытуға бағытталған жастар ұйымдарының қызметін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>23200</b> 2005 ж. - 7600 2006 ж. - 7600 2007 ж. - 8000	Республикалық бюджет
5	Жастардың әскери-патриоттық тәрбиесі жөнінде әдістемелік құралдарды басып шығару	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>1025</b> 2006 ж. - 500 2007 ж. - 525	Республикалық бюджет
6	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлері комитетінің жастар бастамалары орталықтарының активі үшін әскери нұсқау жиындарын өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>13164</b> 2005 ж. - 4316 2006 ж. - 4316 2007 ж. - 4532	Республикалық бюджет



					Респуб-
7	"Патриот" республикалық акциясын, "Жас Ұлан" әскери-патриоттық әндер фестивалін өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>3884</b> 2005 ж. - 1247 2006 ж. - 1247 2007 ж. - 1390

						ликалық бюджет
8	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің жастар бастамалары орталықтарының балаларды тәрбиелеу мекемелеріндегі кәмелетке толмаған жастар өкілдерімен әскери-патриоттық қамқорлыққа алу жұмыстарын ұйымдастыру	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	Қаржыландыруды қажет етпейді	
9	Әлеуметтік маңызды жобалардың шеңберінде әскер жасына дейінгі жастардың республикалық әскери-патриоттық жаттығуларын өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	15600 2005 ж. - 5000 2006 ж. - 5000 2007 ж. - 5600	Республикалық бюджет
<b>4. Жастар арасында салауатты өмір салтын және олардың денсаулығын нығайту мен сақтаудың тиісті дағдыларын қалыптастыру</b>						
1	Жастар арасында нашақорлықтың, маскүнемдіктің және шылым шегудің алдын алу жөнінде республикалық семинар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>4300</b> 2005 ж. - 1348 2006 ж. - 1348 2007 ж. - 1604	Республикалық бюджет

2	<p>Әлеуметтік маңызды жобалардың шеңберінде жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау жөнінде конкурс өткізу</p>	<p>Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</p>	<p>20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша</p>	<p><b>12500</b> 2005 ж. - 4000 2006 ж. - 4000 2007 ж. - 4500</p>	<p>Респуб-</p>
---	---	---	--	---	--	----------------

						ликалық бюджет
	<b>5. Жастар саясатын өңірлік деңгейде іске асыруды қамтамасыз ету</b>					
1	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының орта мерзімді жоспарларына оларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды енгізі отырып, жастар саясатын іске асыру бойынша өңірлік бағдарламалар әзірлеу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша		Қаржыландыруды қажет етпейді
2	Өңірлерде "Өңірлік жастар саясатын жүргізу" деген бюджеттік бағдарламасын іске асырудың тиімділігіне мониторинг жүргізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	10 маусым, 10 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша		Қаржыландыруды қажет етпейді
3	Өңірлерді мемлекеттік жастар саясатын іске асыру мониторингін жүргізу: мақсатты топтармен жұмыс сапарлары мен кездесулер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>7039</b> 2005 ж. - 2308 2006 ж. - 2308 2007 ж. - 2423	Республикалық бюджет
4	Әлеуметтік маңызды жобалардың конкурсы негізінде жергілікті деңгейде жастар бастамаларын қолдауға бағытталған жастар ұйымдарының қызметін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>12500</b> 2005 ж. - 4000 2006 ж. - 4100 2007 ж. - 4100	Республикалық бюджет
	Жастар ұйымдарының қызметіне, оның ішінде өңірлерде	Қазақстан Республикасы Білім	Облыстардың, Астана және Алматы	10 маусым, 10 желтоқсан жарты		Қаржыландыруды

5	мониторинг жүргізу	және ғылым министрлігіне ақпарат	қаларының әкімдері	жылдық қорытындылары бойынша	қажет етпейді	
6	Жастар ұйымдарын қолдаудың әлеуметтік қызмет ресурстық орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>19100</b> 2005 ж. - 6000 2006 ж. - 6100 2007 ж. - 7000	Республикалық бюджет
<b>6. Халықаралық жастар ынтымақтастығын дамыту</b>						
1	Халықаралық жастар ынтымақтастығы саласында семинарлар өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Сыртқы істер министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>12137</b> 2005 ж. - 3853 2006 ж. - 3853 2007 ж. - 4431	Республикалық бюджет
2	ТМД елдерінің жастар істері жөніндегі мемлекеттік органдары басшыларының кеңесі отырысын ұйымдастыру және өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Сыртқы істер министрлігі	20 желтоқсан жыл қорытындысы бойынша	<b>3000</b> 2007 ж. - 3000	Республикалық бюджет
3	Халықаралық жастар алмасуларын дамыту бөлігінде нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру жөнінде шаралар қабылдау	Нормативтік құқықтық кесімдердің жобасы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Сыртқы істер министрлігі	20 желтоқсан жыл қорытындысы бойынша	Қаржыландыруды қажет етпейді	
<b>7. Жастар саясатын ақпараттық қамтамасыз ету</b>						

1	Жастар саясатының өзекті мәселелері жөнінде әдістемелік құралдар мен ұсынымдарды басып шығару	Қазақ- стан Рес- пуб- лика- сының Үкіме- тіне есеп	Қазақстан Респуб- ликасы Білім және ғылым минис- трлігі	20 маусым, 20 жел- тоқсан жыл қоры- тын- дысы бойынша	<b>615</b> 2006 ж. - 300 2007 ж. - 315	Респуб- ликалық бюджет
2	Жастардың ақпараттық бюллетендерін басып шығару	Қазақ- стан Рес- пуб- лика- сының Үкіме- тіне есеп	Қазақстан Республи- касы Білім және ғылым министр- лігі	20 маусым, 20 жел- тоқсан жыл қоры- тын- дысы бойынша	<b>2336</b> 2005 ж. - 712 2006 ж. - 793 2007 ж. - 831	Респуб- ликалық бюджет
3	"Жастар" республикалық ақпараттық орталығын - әлеуметтік қызметін құру	Қазақ- стан Респуб- лика- сының Үкіме- тіне есеп	Қазақстан Респуб- ликасы Білім және ғылым минис- трлігі	20 маусым, 20 жел- тоқсан жыл қоры- тындысы бойынша	<b>84000</b> 2005 ж. - 28000 2006 ж. - 28000 2007 ж. - 28000	Респуб- ликалық бюджет
4	Әлеуметтік маңызды жобалардың конкурсы негізінде жастардың өзекті проблемаларына арналған әлеуметтік роликтер жасау және шығару	Қазақ- стан Респуб- лика- сының Үкіме- тіне есеп	Қазақстан Респуб- ликасы Білім және ғылым минис- трлігі	20 маусым, 20 жел- тоқсан жыл қоры- тын- дысы бойынша	<b>15250</b> 2005 ж. - 5000 2006 ж. - 5000 2007 ж. - 5250	Респуб- ликалық бюджет
5	Әлеуметтік маңызды жобалардың шеңберінде білім беру саласындағы бағдарламалар туралы жастарды хабардар етуді қамтамасыз ету	Қазақ- стан Респуб- лика- сының Үкіме- тіне есеп	Қазақстан Респуб- ликасы Білім және ғылым минис- трлігі	20 маусым, 20 жел- тоқсан жарты жылдық қоры- тынды- лары бойынша	<b>7300</b> 2005 ж. - 2400 2006 ж. - 2400 2007 ж. - 2500	Респуб- ликалық бюджет
<b>8. Жас таланттарды дамыту және қолдау</b>						

1	"Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын өткізуді және беруді қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2006 жылғы 20 желтоқсан	3000 2006 ж. - 3000	Респуб-
---	---	---	---	-------------------------	---------------------------	---------

						ликалық бюджет
2	Қазақстанның жыл сайынғы Ұлттық жастар Дельфийлік ойындарын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 желтоқсан жыл қорытындысы бойынша	<b>13270</b> 2005 ж. - 4147 2006 ж. - 4147 2007 ж. - 4976	Республикалық бюджет
3	Қазақстанның Ұлттық Дельфийлік комитетінің отырысын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 желтоқсан жыл қорытындысы бойынша	<b>1232</b> 2005 ж. - 385 2006 ж. - 385 2007 ж. - 462	Республикалық бюджет
4	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Ұлттық жастар Дельфийлік ойындарына қатысуын қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 желтоқсан жыл қорытындысы бойынша	<b>7007</b> 2005 ж. - 2037 2006 ж. - 2037 2007 ж. - 2933	Республикалық бюджет
5	Әлеуметтік маңызды жобалардың конкурсы шеңберінде талантты жастарды дамытуға бағытталған жастар ұйымдарының қызметтерін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>21000</b> 2005 ж. - 7000 2006 ж. - 7000 2007 ж. - 7000	Республикалық бюджет
<b>9. Жастар саясатын іске асырған кезде жастардың коммерциялық емес ұйымдарының мемлекеттік деңгейде шешімдер қабылдаудағы азаматтық қатысу үлесін ұлғайту</b>						
1	Қазақстан жастарының ІҮ конгресін өткізуді ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	<b>1500</b> 2006 ж. - 1500	Республикалық бюджет



2	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жастар ісі жөніндегі кеңес отырысын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	1427 2005 ж. - 446 2006 ж. - 446 2007 ж. - 535	Республикалық бюджет
3	Аула клубтарының жастар ұйымдарының, әлеуметтік қызметтердің республикалық слетін өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	2000 2007 ж. - 2000	Республикалық бюджет
4	Әлеуметтік маңызды жобалардың шеңберінде жергілікті деңгейде аумақтарды дамытуға және шешім қабылдауға жастар ұйымдарының азаматтық қатысуын дамыту жөніндегі жобалар конкурсын өткізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	20 маусым, 20 желтоқсан жарты жылдық қорытындылары бойынша	9600 2005 ж. - 3000 2006 ж. - 3000 2007 ж. - 3600	Республикалық бюджет
<b>10. Жастар саясатының нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру</b>						
1	Жастардың құқығы мен мүдделерін іске асыруға қатысты нормативтік-құқықтық кесімдердің бөлігіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу	Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2007 жылғы 20 желтоқсан	Қаржыландыруды қажет етпейді	
Барлығы:					2005 ж. - 147600	
					2006 ж. - 154980	
					2007 ж. - 162419	